

ҚАЛТАЛЫЛАР ОТРЯДЫ – MARSUPIALA



Орындаған: Егемберді Н.Қ.
Тобы: X(о)-17к
Қабылдаған: Мадиева А.Н.

Отрядқа Америка,
Австралия және оған
жақын жатқан аралдарда
мекендейтін 2
отрядтармағы, 9
түкүмдас пен 200-ге
жуық түр жатады.
Әртүрлі биотоптар мен
ландшафттарды
мекендейді. Құрлық,
топырақ арасы,
жартылай суда, ағашта
тіршілік етеді. Бұлардың
арасында
насекомқоректілер,
жыртқыштар,
есімдіккоректілер және
корек талғамайтын
түрлері бар.



Дене тұрқы 4 см-ден 160 см-ге дейін ауытқып тұрады. Дене температуrasы 34-36 градус. Тері жамылғысы қалың әрі жұмсақ немесе қылтықтәрізді.

Тұмсығында жақсы дамыған вибристері болады. Теріде тер және май бездері болады.

Көздерінде жыпылдақ жарғағы болады. Якобсон мүшесі жақсы дамыған. Ортаңғы құлағы балғашық пен төс сүйектері бір-бірімен жиі бірігіп кеткен.



Коракоид жауырынымен бірігіп кеткен. Қаңқасында қалта сүйектері болады, олар жамбас сүйектердің шат буынан шығады және құрсақ қуысының қабырғасында орналасқан. Қалта алға, артқа немесе бүйіріне ашылуы мүмкін. Миы қарапайым, сүйелді дене жоқ. Неопаллиум нашар дамыған, сайшалары жоқтын қасы. Иіс сезу бөлімі күшті жетілген. Сүт бездері тұтікшелі мерокринді.

Сүт бездері денесінің екі бүйірінде орналасқан және қалтаға ашылады, олардың саны 2-ден 27-ге дейін. Қынабы мен жатыры

жұп. Плацента дамымайды, тек қалталы борсықтарда хориоаллантоидты плацента болады. Тұқым бездері үмада орналасады. Ұрпағының жатырда дамуы 8-42 күн. Төлдері ұзындығы 0,5 см-ден 3 см-ге дейін өте кішкентай болып туылады.

Сүтпен қоректену пассивті: сүт бездерінің арнайы бұлшық еттерінің жиырылуының нәтижесінде сүт төлінің аузына шашылады. Бұл кезде көмекей хоаналарға түйіседі, тыныс алу және асқорыту жолдары бөлінеді, бұл бір мезгілде қоректену және тыныс алуға мүмкіндік береді. Сүттену мерзімі 60 күннен

250 күнге созылады.



Көп күректістілер отрядтармағы (Polyprotodontia)

Австралия мен Америкада, тұстастай онтүстігінде тараған 6 түкымдас пен 100-ден аса түрді біріктіреді.

Тері қалта барлық түрлерінде болмайды.
Солтүстік опоссумы
(*Didelphis marsupialis*)
Американың орманды және бұталы жерлерінде мекендейді. Дене тұрқы 36-50 см, массасы 1,5-5,5 кг.




Тұмсығы үшкірлеу,
құлақтары үлкен,
түксіз. Алақаны мен
табаны қысқа,
алдыңғы аяғындағы
бірінші саусақ
басқаларына
қарама-қарсы
орналасқан,
тырнақсыз. Ұзын әрі
жалаңаш қүйрығы
қармалағыш типті.
Корек талғамайды.
Ағаш қуысында
және топырақ
жарықшаларына
аналығы жылы ұя
жасайды.
Төлдерінің саны
8-18.



Қалталы қосаяқтың
(*Antechinomys*
***spenceri*)** дene тұрқы
8-11 см. Құлақтары
ұзын, артқы аяқтары
мен құйрығы ұзын (
11-12) 2м-ге дейін
секіре алады.

Австралияның
саванналары мен
шөлдерін мекендейді.
Тұнде белсенді.
Насекомқоректілер.
Ұяда әдетте 7 төл
болады.



Қалталы
қасқырдың
(*Thylacinus*
cynocephalus)
дene түркы 130
см-ге жетеді. Тұбі
жуан
қүйрығының
ұзындығы 50-65
см. Құлағы
кішкентай,
дөңгеленген.



Аяқтары ұзын, саусақпен жүретіндер. Артқы аяғында бірінші саусағы болмайды. Қалта сүйектері жоқ. Тері қатпарынан пайда болған қалта артқа қарай ашылады. Тасманияның орманды аудандарында мекендейді. Тұнде белсенді. Қорегі-сүтқоректілер мен құстар. Бөлтіріктерінің саны 2-4. Отрядтар мағының басқа өкілдері: қалталы қаптесер (*Antechinus flavipes*), қалталы сусар (*Dasyurops maculatus*), қалталы құмырсқажегіш (*Myrmecobius fasciatus*), қалталы көртішқан (*Notoryctes typhlops*), Тасмания жын-перісі (*Sarcophilus harrisii*) т.б



Қос күректістілер
отрядтармағы
(*Diprotodontia*) тек
Австралия мен оған
көршілес аралдарда
тараған 4 тұқымдас пен
100-ге жуық түрді
біріктіреді. Өсімдіккоректі
қалталылар, күректістері
ұзарған, олардың саны
үстінгі жақтың бір
жартысында 1-3,
астында-1. шошақ тістері
рудиментті, азу тістерінде
жалпақ бұдырлары
болады. Артқы
аяқтарының бірінші және
үшінші саусақтары бірігіп
кеткен.



Майқұйрық кускустың

(*Cercartetus nanus*)

дene түркы 8-10

см. Құйрығы

түбіне май

жиналады, ол ұзак

ұйқы кезде

жұмсалады.

Аяқтары

қармалағыш :

бірінші саусақ

басқаларына

қарама-қарсы. Төл

қалтасы жақсы

дамыған. Ағашта

тіршілік етеді.

Тұнде белсенді.

Ұрпағының саны



Қалталы ұшардың

(*Petaurus australis*) дене үзындығы 32 см.

Күйрығы үзын түктермен жабылған.

Алдыңғы аяқтың бесінші саусағынан денесінің бүйірін бойлай артқы аяқтың сирақ-өкше буынына қарай түкпен жабылған ұшқыш тері жарғағы созылып жатады. Ағашта тіршілік етеді. 55 м қашықтыққа дейін қалықтап ұша алады. Тұнде белсенді. Әдетте





Коаланың
(*Phascolarctos cinereus*)
дene түркы 80 см-ге
жетеді. Құйрығы
сыртынан байқалмайды.
Басы үлкен, құлағы
дөңгеленген, түкпен
жабылған. Алдыңғы аяғы
қармалағыш: бірінші
және екінші саусақтары
басқаларына қарама-
қарсы орналасқан. Ұрпақ
қалтасы артқа ашылады.
Тұнде белсенді. Аталығы
бірнеше аналығын
жинап үйір құрайды. Бір
ұрпақ туады.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАКМЕТ

